

"Холдинговая компания "АРСЕНАЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгілеу туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 16 шілдедегі № 300 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 71-1-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер экспликациясы негізінде және 2025 жылғы 23 маусымдағы №3Т-2025-02082619 "Холдинговая компания "АРСЕНАЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінішін қарай келе Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Холдинговая компания "АРСЕНАЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылдық округінің аумағында орналасқан жер учаскелері жер пайдаланушылардан алынбай, алаңы 30.8 гектар жер учаскесіне, Қосқұдық кен орнынан өндірістік алаңы АӨФ дейінгі технологиялық жолды салуға және пайдалануға жер учаскелерінің меншік иелерімен 15 жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Холдинговая компания "АРСЕНАЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру және жер пайдаланушылармен жасасқан шартта шығынды өтеу бойынша міндеттерін және басқа да шарттарды анықтау ұсынылсын.

3. "Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Ертас

"Холдинговая компания "АРСЕНАЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгілеу бойынша жер учаскелерінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

№	Ж е р пайдалануш ылар	Кадастрлік нөмірі	Меншік құқығы	Жалпы көлемі га.	Сервитут белгілеу жер көлемі га.	Жайылым га.	Егістік га
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нурумбаев Серик Жолдасович	03-045-116- 587	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану	1793,0	9,8	9,8	
2	Бектембаев Руслан Алимханолв ич	03-045-116- 583	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	498,7	6,5	6,5	
3	Айдабулов Битан Азарбаевич	03-045-116- 025	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану	268,0	3,2	3,2	
4	Айдабулов Битан Азарбаевич	03-045-116- 517	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	160,0	1,9	1,9	
5	Бектембаев Руслан Алимханолв ич	03-045-116- 584	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	140,0	1,7	1,7	
6	Букебаев Кулдария	03-045-116- 024	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	400,0	6,7	6,7	
7	"Нурег Group" ЖШС	03-045-053- 514	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану	861,0	1,0	1,0	
	Барлығы				30,8		